


<p>Сабактын ортасы</p>	<p>Окушылардын танымдык белсенділігін арттыру мақсатында, сабақты ойыннан бастау. Жаттығуларды жасағаннан кейін, окушылардан кандай қимыл-қозғалыс жасағандарын сұрап, талқылау.</p> <p><b>Оқулықпен жұмыс</b></p> <p>— Адамдар үнемі қозғалыста болады. Қозғалыс адам өмірі үшін аса қажет. Қозғалыс арқылы адамның денсаулығы жақсарды, денесі шынығды, көңіл күйі көтеріледі, демалалы және уақытты үнемдейді.</p> <p>«Адам қалай қозғалады?» деген сұраққа жауап іздеу.</p> <p>— Адамның дене мүшелерінің қимыл-қозғалысы бүгіліп, жазылуда негізделген. Осы қозғалыстың әсерінен адам заттарды итеріп, тарта алады. Дене мүшелерінің ішінде ең көп қозғалатыны аяқ пен қол, сонымен қатар дене мен бас та қозғалыста болады. Адамның денесі жүру, жүгіру, секіру сияқты әртүрлі қимыл-қозғалыстар жасай алады.</p>	<p>Окушылар музыка әуеніне ілесіп, белгілі бір қимыл-қозғалыстарды (бастарын, мойындарын, иықтарын айналдыру, колдарын артқа, алға қарай айналдыру, бөкселерін айналдыру, бір орында жүгіру) жасайды.</p>	<p><b>КБ: «Рақмет...» әдісі</b></p> <p>бойынша окушылар бір-бірін рақмет айтып бағалайды.</p>	<p>Оқулық</p>  <p>Суреттер</p> <p>Интернет</p>
<p>«Салыстырайық»</p> <p>Оқулықта 55-беттегі балалардың қозғалысын салыстыралы.</p> <p>— Қай суретте адамның белсенді дене қозғалысы байқалады? -Не байқалын? Қайсысы жеңіл қозғалады?</p>	<p>Суреттегі балалардың қозғалысын салыстыралы. Өз ойларың дәлелдейді.</p>			

	<p>Әр оқушыға берілген көліктерге жарнама жасайды.</p> <p>Мәшине, пойыз, ұшақ</p> <p>Жарнама жасау үшін топтарға тірек сөздерді комек ретінде ұсынуға болады: дөңгелек, тас, жол, жанармай, шойын жол, көмір, машинист, әуе, жанармай, ұшқыш.</p>	<p>Оқушылар берілген көлікке жарнама дайындайды.</p> <p>«Мәшине». Мәшине отбасы мүшелерін күнделікті өмірде тасымалдауға қолайлы.</p> <p>«Пойыз». Пойыз алыс ауыл, қала арасындағы жайлы қозғалысымен ерекше.</p> <p>«Ұшақ». Ұшақ - уақытты үнемдейтін таптырмас көлік.</p>	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тірек сөздердің барлығын дұрыс қолдана отырып, жарнама жасайды;</li> <li>- тірек сөздердің кейбіреуін ғана дұрыс қолдана отырып, жарнама жасайды;</li> <li>- тірек сөздерді дұрыс қолдана алмайды, жарнама жасауда қиналады.</li> </ul>	<p>Қима суреттер</p>
<p><b>Серігіту сәті.</b></p> <p><b>Дәптермен жұмыс</b></p> <p>1. Қай бала мектепке кешікпей келеді? Неліктен? (Автобуска мініп жатқан бала).</p> <p>2. Стадионда - бір орыннан секірген бала және жүгіріп келіп, екпінмен секірген бала. Қай бала алысқа секіреді? Дұрыс жауапты боя (Екпінмен секірген бала алысқа секіреді).</p>	<p>Дәптерге берілген тапсырмаларды ретімен орындайды.</p>	<p><b>КБ:</b> Мұғалім оқушыларды «Жарайсың!», «Керемет!», «Жақсы!», «Өте жақсы!», «Ақылдысың!» деген қанатты сөздер арқылы ынталандырады.</p>	<p>Дәптер</p>	
<p><b>«Білгенін жөн»</b></p> <p>Марат Жыланбаевтың есімі Гиннестің рекордтар кітабына енген. Ол - күмлі шөлдерден бір өзі ғана жүгіріп өткен марафоншы.</p>	<p>Марат Жыланбаев туралы бейнебаян көреді.</p> <p>«Қозғалыс - денсаулық кепілі» деген тұжырымды қалай түсінетіндерін айтады.</p>		<p>Марат Жыланбаев туралы бейнебаян «7 мәрте Гиннес рекордын»</p>	

	<p>Марат Жыланбаев туралы бейнебаян көрсөтілді.</p> <p><b>Тірек сөздер мен жұмыс</b>  <i>Кимдi, қозғалыс, уақыт.</i>  Дененi қалай шынықтыруға болады?  — Уақытты қалай үнемдеймiз?</p>	<p>Сұрақтарға жауап берелi:  — Дененi шынықтыру үшiн спортпен айналысу керек.  — Уақытты үнемдесу үшiн күн кестесi құрылуы керек.</p>		<p>Оқушылармен бiрге бiрлесiп жасаған күн кестесiн сынып бұрышына iлуге болады.</p>
<p><b>Рефлексия</b></p>	<p><b>«Ыстық орындық» стратегиясы</b>  (Сыни ойлау технологиясы)  Оқушыларға сабақ жайлы ойлары мен алған әсерлерiн айтқызады.</p>	<p>Оқушылар қалауына қарай тақтаға шынып, ненiн есте қалғанын, не танғалдырғанын, не ұнағанын айтады.  — Бүгiн мен сабақта өзiм үшiн мынадай жаңалық аштым ...  — Бүгiнi сабақта маған ұнағаны ...  — Сабақта менi қуантқан жайт ...  — Мен өз жұмысыма толық қанағаттанамын, себебi ...  — Мен былайша iстеуге кеңес берер елiм ...  — Егер мен мұғалiм болсам, ...</p>	<p><b>КБ:</b> мұғалiм оқушыларды «Жарайсың!», «Керемет!», «Жаксы!», «Өте жаксы!» деген қанатты сөздер арқылы ынталандырады.</p>	

Мурмет

Бөлім/бөлімше	Табиғат физикасы/ 5.1 Күш және қозғалыс		
Педагогтің аты-жөні	Хамзина Б.Б		
Күні	23.12		
Сыныбы	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Қозғалыстың маңызы		

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	1.5.1.2 қозғалыстың адам өміріндегі және табиғаттағы маңыздылығын анықтау		
Сабақтың мақсаты	қозғалыстың адам өміріндегі маңызын түсіну		
Сабақтың барысы			

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Қызыушылығын ояту Сабақ тақырыбын шынайы өмірмен байланыстыру үшін, оқушылардың қайсысы танертенділік жаттығу жасайтынын сұрау. Ол не үшін керек? Қандай жаттығулар жасау керек? Адамның өмірінде қозғалыстың қандай маңызы бар? Кейбір дене мүшелері қозғалмалы, мысалы, қол мен аяқ. Оларды бұтуге, жауға және айналдыруға болады.	«Шаттық шеңбері» «Досымның портреті» ойыны Оқушылар шеңберде тұрып, бірінің арқасына бірі қағаздарын қойып, қозғалып жүріп сурет салады. Соңында көршісіне суретін сыйлап, бүгінгі сабаққа тілек айтады.	ҚБ: «Қолшатамақтау» әдісі арқылы оқушылар бірін-бірі бағалайды.	